



Бекітілді  
№27 «Ақбота» б/б директоры  
Кошкінова Г.М.  
№1 пәндерес  
31.08.2022 ж

Ересек «Балдырган» тобының «Кел билейік» вариативті компоненті бойынша  
перспективті жоспары.  
2022-2023 оку жылы

**Мақсаты:** Мектепке дейінгі жастағы балаларға музикалық ырғақ би түрлерінің қарапайым қимылдарын үйрету. Ептілік, әдемілік мұсіні болып табылатын -ырғақты би қимылдар арқылы баланы жігерлендіру. Ритмикалық жаттығулар арқылы бұлшық еттерін, денсаулықтарын нығайту. қорғалыс координацияларын жетілдіру. Биге деген қызығушылықтарын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ритм сезімдерін, эстетикалық талғамдарын ояту.

#### **Міндеттері:**

- Ырғақты би қимылдарын үйрету;
- Дұрыс дем алуды қалыптастыру;
- Дұрыс дene сымбатын, жүрісін, қозғалыс грациясын қалыптастыру.

#### **Күтілетін нәтиже:**

- Ырғақты қимылды жаттығулар арқылы би элементтерін үйренеді;
- Дене бітімдері түзеліп, сымбаттылығы дамиды.
- Биге деген қызығушылықтары артиды;

<b>Реттік саны</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Қажетті құралдар</b>	<b>Әдіс тәсілдер</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Күні</b>
<b>1</b>	«Бидің әр түрлерінен түсінік беру»	Бидің әр түрлерінен түсінік беру. Балалардың би қимылының бастапқы кезеңімен таныстыру. Билеуге қызығушылығын арттыру.	Таспа, суреттер	Түсіндіру, көрсету	1	
<b>2</b>	«Аяқ позицияларымен таныстыру»	Аяқта арналған I-II-III-IV-V позициялармен таныстыру. Балаларды позицияға түрғызып аяқтарын жаттықтыру. Музыка әуенін тыңдауға, әуен бойынша қимыл жасауға үйрету.	Таспа, суреттер	Түсіндіру, көрсету	1	
<b>3</b>	«Қол позициямен таныстыру»	Қолға арналған I-II-III-IV қол позицияларымен таныстыру. Музыка ырғағымен позицияға салып жасауға дағдылау.	Таспа, суреттер	Түсіндіру, көрсету	1	
<b>4</b>	«Аяқ пен қолды біріктіре отырып позицияға түру»	Балаларды би позицияларының түрлері аяқ пен қол позициясы бойынша үйренгендерін бекіту. Позицияны дұрыс орындауға дағыландыру. Позицияны орындаған кезінде денені тік	Таспа, суреттер	Түсіндіру, көрсету	1	

		ұстауға жакттықтыру. Аяқ пен қол позициясын орындауды бекіту.				
5	«Күзгі табиғатты қимылмен бейнелеу»	Жылдың күз мезгілінің ерекшеліктерін таныстыру арқылы би қимылдарын орындауға үйрету. Би элементтерін орындау кезінде аяқ, қол позицияларын дұрыс сақтауға жаттықтыру. Табиғатқа деген сүйіспеншілік тәрбиелеу.	Таспа, суреттер, жапырақтар	Түсіндіру, көрсету	1	
6	«Жапырақтар» биі	Жапырақтар биінің элементтерін қайталау арқылы балаларды аяқ, қол позицияларын сақтауда нақты орындауларына талпындыру. Ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Таспа, суреттер, жапырақтар	Түсіндіру, көрсету	1	
7	Залдың бұрыштарымен жүруді үйрету	Балаларды залдың бұрыштарымен, диагональ бойынша жүргізу, әр түрлі аяқ қалыптарымен жасалатын қимылдарды орындау.	Таспа, суреттер	Түсіндіру, көрсету	1	
8	«Музыка ырғағын сезіну арқылы қимыл жасау»	Судың ағысы, сылдыры, тасқа соғылған үні жазылған әуенді тыңдата отырып	Таспа, суреттер	Түсіндіру, көрсету	1	

		қымыл жасауға үйрету. Бала зейінің тұрақтандыру. Қиялын дамыту.				
9	«Қолшатыр» биі	Балаларды қолшатыр биінің элементтерімен таныстырыу. қосып толық билеуге үйрету. Билеу кезінде балалар бірдей қымылдаپ, бірдей қозғалуға жаттықтыру.	Таспа, қолшатырлар	Түсіндіру, көрсету	1	
10	«Қолшатыр» биі	Балаларды қолшатыр би элементтерін қолданып билеуге жаттықтыру. Залдың кеңістігін пайдаланып, кестеде өз орнын тауып билеуге үйрету. Балалардың барлығын элементтерді бірге орындауға жаттықтыру.	Таспа, қолшатырлар	Түсіндіру, көрсету	1	
11	«Шырша» биі	Шырша би қымылдарымен балаларды таныстырыу. «Шәне» қымылын нақты орындауға үйрету. Билеу кезінде балалар бірдей қозғалуды талап ету.	Таспа, сюжеттік суреттер.	Түсіндіру, көрсету	1	

12	"Мимиканы көрсету"	Бет- әлпет арқылы көніл күйді жеткізу, әр түрлі образды көрсету.	Таспа, суреттер.	Түсіндіру, көрсету	1	
13	«Ұлпақарлар» биі	Қарды бақылату, өрнек түрлерімен таныстырыу. Ұлпақарлар биінің элементтерімен таныстырыу («Adajio» «Fondu»). Би қимылдарын орындауда байқампаздық, ұқыптылық қалыптастырыу.	Таспа, суреттер.	Түсіндіру, көрсету	1	
14	«Ұлпақарлар» биі	Ұлпақарлар биінің элементтерін қайталау арқылы би элементтерін бекіту. Би қимылдарын бірге орындауға жаттықтырыу. Табиғаттың әсемдігін сезінуге тәрбиелу.	Таспа, суреттер.	Түсіндіру, көрсету	1	
15	«Ергежейлер» биі	Ертегі кейіпкерлері өргежейлермен таныстырыу. Кейіпкерлердің көніл күйлерімен таныстырыу арқылы би элементтерін көрсету. «Sotte»	Таспа, суреттер	Түсіндіру, көрсету	1	
16	«Ергежейлер» биі	Ертегі кейіпкерлері өргежейлердің биінің лементтерін үйретуді жалғастырыу. Әуен ырғағымен	Таспа, суреттер	Түсіндіру, көрсету	1	

		толық өзін женіл ұстап билеуге дағдыландыру.				
17	«Полька» биі	Полька биінің қимылдарымен таныстыру. Би қимылдарын кестеде тұрып женіл орындауға үйрету («Іспарре», «Sotte»). Әр ұлттың өз мінезіне тән би түрлері бар екенін түсіндіру.	Таспа, тақырыптық суреттер.	Түсіндіру, көрсету	1	
18	«Полька» биі	Полька биінің қимылдарымен таныстыруды жалғастыру. Би қимылдарын зейін қойып тындау арқылы орындауды бекіту. Биге деген қызығушылықтарын арттыру.	Таспа, тақырыптық суреттер.	Түсіндіру, көрсету	1	
19	«Қамтыма» қимылды	Музыка әуенін тындау арқылы «қамтыма» -қол қимылдының жаңа түрімен таныстыру. Қол қимылдың дұрыс орындауға талпындыру. Қимылды нәзік, орындауға жаттықтыру.	Таспа	Түсіндіру, көрсету.	1	
20	«Аяқ алысымен таныстыру»	Қазақ биінің аяқ алыс қимылдарымен таныстыру («Атшабыс», «Қамшы ұстай»,	Таспа, суреттер	Түсіндіру, көрсету	1	

		«Өкшелеу») би элементтерін үйрету, іштей санауға жаттықтыру.				
21	«Гүлдер» биі	Гүл биіне арналған элементтермен таныстыру. Би қимылдарын орындауға жаттықтыру. Балаларды әдемілікті сезінуге тәрбиелу.	Таспа, суреттер, гүлдер.	Түсіндіру, көрсету	1	
22	«Гүлдер» биі	Гүл биіне арналған элементтермен таныстыруды жалғастыру. Би қимылдарын нақты, дұрыс орындауларын қадағалау. Эстетикалық талғамын дамыту.	Таспа, суреттер, гүлдер.	Түсіндіру, көрсету	1	
23	«Қырышақтар» биі	Балаларды қырышақтар биінің әлемнен таныстыру («Анфас», «Эпальман», «Экарте», «Эфассе»). Аяқ, қол қалыптарын сақтай білуге жаттықтыру. Көнілді әуеннің ырғағын сезінуге тәрбиелу.	Таспа, суреттер	Түсіндіру, көрсету	1	
24	«Қырышақтар» биі	Балаларды қырышақтар биінің әлемнен таныстыруды жалғастыру. («Анфас», «Эпальман», «Экарте», «Эфассе») би қимылдарын дұрыс	Таспа, суреттер	Түсіндіру, көрсету	1	

		орындауларын қадағалап үйрету. Аяқ, қол қалыптарын сақтай білуге жаттықтыруды жалғастыру.			
25	«Қара жорға» биі	Балалардың ұлттық би туралы түсініктерін қалыптастыру. Би қимылдарын еске түсіру арқылы «Қара жорға» биімен таныстыру. Аяқ алыс қимылдарын орындауға үйрету. («Атшабыс», «Қамшы ұстай», «Өкшелеу»).	Таспа, қамшы, найза.	Түсіндіру, көрсету	1
26	«Қара жорға» биі	Би қимылдарын көнілді, жеңіл, ашық, жарқын орындауға үйрету. Аяқ алыс қимылдарын бекіту. («Атшабыс», «Қамшы ұстай», «Өкшелеу»). Қазақ халқының ұлттық мәдениетіне сүйіспеншілікке тәрбиелеу	Таспа	Түсіндіру, көрсету, бейне материал	1
27	Қазақ биі «Балауса»	Қазақ би түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Би элементтерін қайталап, домбырамен билеуге үйрету. Қымылды әдемі, нәзік орындауға жаттықтыру.	Таспа, суреттер, домбыралар	Түсіндіру, көрсету	1

28	Қазақ би «Балауса»	«Балауса» биінің элементтерін үйретуді жалғастыру. Домбырамен билеу кезінде, басты, иықты дұрыс ұстауды қадағалап үйрету. Ұлттық биге қызығушылықтарын арттыру.	Таспа, суреттер, домбыралар.	Түсіндіру, көрсету	1	
29	«Өзбек» биі	Балаларды өзбек халқының биімен таныстыру. Би элементтерін үйретіп, кесте бойымен тұрып билеуге жаттықтыру. Өзбек биін ете көңілді орындауға дағылдандыру.	Таспа, суреттер, бейне материал.	Түсіндіру, көрсету	1	
30	«Өзбек» биі	Балаларды «Өзбек» биінің қымылдарымен таныстыруды жалғастыру. Би элементтерін дұрыс, нақты, көңілді әуеннің ырғағына сәйкес орындауға жаттықтыру. Қол қалыптарын сақтауларын бекіту.	Таспа, суреттер, бейне материал.	Түсіндіру, көрсету, жұмбақ жасыру.	1	
31	«Спорттық би»	Балаларды спорт биінің қымылдарымен таныстыру. Спорттың адам денсаулығына маңызын түсіндіру арқылы, би	Таспа, суреттер, доптар, ленталар, күрсаулар.	Түсіндіру, көрсету, әңгімелеу.	1	

		қымылдарын үйрету. Қымылды нақты, бірге орындауға жаттықтыру.			
32	«Спорттық би»	Балаларды спорт биінің қымылдарымен таныстыру. Спорттың адам денсаулығына маңызын түсіндіру арқылы, би қымылдарын үйрету. Қымылды нақты, бірге орындауға жаттықтыру.	Таспа, суреттер, доптар, ленталар, күрсаулар.	Түсіндіру, көрсету, әңгімелеу.	1
33	«Вальс» биі	Балаларға жұптаса билейтін биді таныстыру. Би элементтерін үйрете отырып, әдемі әрі бірдей билеуді жаттықтыру. Эстетикалық талғамдарын дамыту.	Таспа	Түсіндіру, көрсету	1
34	«Вальс» биі	Балаларға жұптаса билейтін биді жалғастыру. «Преподания» «Баланс» қымылдарын орындаі отырып, нақтылықты қадағалау. Өздерін жеңіл ұстай білуге талпындыру. Би қымылдарын әдемі, нәзік орындауға жаттықтыру.	Таспа	Түсіндіру, көрсету	1

35	Қайталау сабағы	Балалардың жыл бойы алған білімдерін тиянақтау. Би қимылдарын еске түсіру арқылы үйренген билерін қайталау.	Таспа	Түсіндіру, көрсету, әңгімелеу.	1	
36	Қайталау сабағы	Балалардың жыл бойы алған білімдерін тиянақтау. Би қимылдарын еске түсіру арқылы үйренген билерін қайталау.	Таспа	Түсіндіру, көрсету, әңгімелеу.	1	

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Секербекова Бағдад Мейрамовна  
«Мектеп жасына дейінгі балаларға хореография пәнін жүргізу». Астана қаласы. 2009 ж.
2. Жиенқұлова Ш. «Сымбат» Алматы қаласы. 1987 ж.
3. Байментаева А. «Ұлттық халық билерінен қосымша бағдарлама». 1991 ж.
4. Сазанакова М.Ю. «Планирование занятий по хореографии в детском саду».
5. Образовательная программа «Хореография в детском саду» . Макарова Н.С.

